

Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 602 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5427 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі N 464 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.17 N 464 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдарының басшылары акциздік қосындардың жұмыстарын ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. "Акцизделетін өнім өндіретін ұйымдарда акциздік қосындарды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2007 жылғы 10 мамырдағы бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде N 4711 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2007 жылдың 22 маусымында N 94 (1297) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан пайда болатын қатынастарға қолданылады.

Министр

Б. Жәмішев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2008 жылғы 23

желтоқсандағы

N 602 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесі

Осы ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабына сәйкес әзірленген және акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Акциздік қосындар дайын өнімдерді соңғы тұтынушыға тікелей кафелерге, барларға, мейрамханаларға іргелес аумақтарда өткізетін жеке және заңды тұлғаларға одан әрі сату мақсатында сыра өткізуді жүзеге асырмайтын шарап материалын өндірушілерді, сондай-ақ сыра өндірушілерді қоспағанда, акцизделетін өнім өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің (бұдан әрі - өндірушілер) аумағында орнатылады.

2. Акциздік қосындарды тиісті облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органының (бұдан әрі – салық органы) басшысы ұйымдастырады .

2. Акциздік қосынның қызметін ұйымдастыру

3. Акциздік қосынның орналасатын жері, оның жұмыс регламенті, акциздік қосынның құрамына өзгеріс салық органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Акциздік қосынның құрамы салық органы лауазымды тұлғаларының (бұдан әрі – қызметкерлері) қатарынан қалыптасады.

Акциздік қосынның құрамын анықтағанға дейін акциз қосынының бірінші рет кезекшілікке түсетін салық органының қызметкерлері акцизделетін тауарлардың өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша заңнаманың нормаларын білуі жөнінде нұсқаулықтан өтуі тиіс.

Салық органының басшысы немесе оның орынбасары акциздік қосынның жұмысына қатысатын қызметкерлермен әңгімелесу өткізуі тиіс.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша акциздік қосынның құрамы бекітіледі.

5. Акциздік қосынның сандық құрамын салық органының басшысы б е л г і л е й д і .

6. Акциздік қосынның жұмыс кестесі акцизделетін өнімді өндірушінің жұмыс режиміне с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

7. Акциздік қосын қызметкерлерінің қызметіне жедел басшылықты және олардың жұмыстарын үйлестіруді салық органының басшысы жүзеге асырады.

8. Акциздік қосындардың қызметін бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – Салық комитеті) жүргізетін тексерулер арқылы жүзеге асырылады.

3. Акциздік қосындағы қызметкердің қызметін ұйымдастыру

9. Акциздік қосындағы қызметкер мыналарға:

1) өндірушінің акцизделетін өнім өндіру мен өткізуді реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауына;

2) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілу көлемі, дайын өнімдегі этил спиртінің көлемдік құрамы туралы деректерді автоматты беруді қамтамасыз ететін спирт өлшеуші аппараттары арқылы этил спиртінің немесе бақылаушы есепке алу аспаптары арқылы алкоголь өнімінің бөлінуіне, сондай-ақ осы есепке алу аспаптарын пломбы салынған түрде пайдаланылуына;

3) дайын өнім резервуарларындағы бензин мен дизель отынының мұнай өнімдерінің өндірілу және өткізу (тиеп жөнелту) көлемі туралы деректерді автоматты беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есепке алу аспаптары арқылы бөлінуіне, сондай-ақ бақылаушы есепке алу аспаптарын пломбы салынған түрде п а й д а л а н ы л у ы н а ;

4) өндірушілердің алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен, темекі өнімдерін акциздік таңбалармен таңбалау ережелерін сақтауына;

5) акцизделетін тауарларға акциз ставкаларының дұрыс қолданылуына және акциздің бюджетке уақытылы төленуіне бақылау бойынша функцияларды жүзеге а с ы р а д ы .

10. Акциздік қосынның қызметкері осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген функцияларды орындау мақсатында күнделікті:

1) акцизделетін өнімдердің жекелеген түрлерін тиеп-жөнелтуді жүзеге асырған кезде берілетін тиеп-жөнелту құжаттарының тізілімін жасауға және жү р г і з у г е ;

2) этил спирті және/немесе алкоголь өнімін өндіруді жүзеге асыратын зауыттарда этил спирті мен алкоголь өнімін зауыт жүзеге асырмайтын күндерді қоспағанда, сағат 9.00-де және 18.00-де электроэнергиясы мен су шығысының е с е б і н жү р г і з у г е ;

3) акцизделетін өнімді шығару үшін негізгі шикізатты қабылдауға қатысуға және деректерді журналға тіркеуге;

4) есепке алу-бақылау таңбаларының және акциздік таңбалардың қозғалысын есепке алуды жүзеге асырады;

5) мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алуды жүзеге асырады;

6) алкоголь өнімін өндірушінің жауапты қызметкерімен бірлесіп пайдаланылған су көлемін көрсете отырып, алкоголь өнімін құю желілерін сумен

ж у у т у р а л ы а к т і ж а с а у ғ а ;

7) спирт өлшеуші аппараттар мен бақылаушы есепке алу аспаптарында орнатылған біржолғы бақылау пломбалардың бұтіндігін тексеруге;

8) акциздік қосындағы кезекшіліктен кейінгі екінші күні салық органында орнатылған "Акциз" ақпараттық жүйесі арқылы осы Ережеге 1 - 2 қосымшаларға сәйкес нысан бойынша шарап материалы мен сыраны, бензин мен дизель отынын қоспағанда, этил спирті, алкоголь өнімін өндіру және өткізуге өлшемдері туралы күн сайынғы есептерді Салық комитетіне беруді қамтамасыз етуге ;

9) жұмыс істемейтін уақыт кезеңіне және тұрып қалған уақытта дайын өнім шығару желісіне, спирт қоймасынан алкоголь өнімін өндіруге этил спирті беру кранына, сондай-ақ дайын өнімдерді сақтауға арналған қойма үй-жайларына мөр қоюға және пломбы салуға. Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда көрсетілген мөрлер мен пломбаларды өндірушінің өкілдері кейіннен болған төтенше жағдай туралы акт жасай отырып, және шешілген пломбалардың саны мен нөмірлерін көрсете отырып, дайын өнімді сақтауға арналған қойма үй-жайларынан алуы мүмкін. Алынған пломбалар акциздік қосынның қызметкеріне берілуі тиіс. Төтенше жағдай фактісі тиісті уәкілетті органмен расталуы тиіс;

10) мөрдің немесе пломбының алынғаны немесе оның бедерінің бұзылғаны (төтенше жағдайлар туындауын қоспағанда), не спирт өлшеуші аппараттар мен бақылаушы есепке алу аспаптарының көрсеткіштерінің бұрмаланғаны байқалған жағдайда өндірушінің жауапты қызметкерінің қатысуымен тиісті акт толтыруға және бұл жөнінде тиісті салық органына дереу хабарлауға міндетті.

11. Акциздік қосынның қызметкері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес тиіп-жөнелту құжаттарының жиынтық тізілімін, сондай-ақ осы Ережеге 4 – 9-қосымшаларда келтірілген нысандарға сәйкес электр қуаты мен судың, негізгі шикізат есепке алу-бақылау таңбалары мен акциздік таңбалары қозғалыстарының, алкоголь өнімін есепке алу есептеуіштері (АӨЕЕ) көрсеткіштерінің есеп журналдарын жүргізеді. Тиіп-жөнелту құжаттарының жиынтық тізілімі мен журналдар нөмірленген, жіппен тігілген және тиісті салық органы басшысының қолымен және мөрімен бекітілген болуы тиіс.

12. Акциздік қосындағы қызметкер:

1) өз өкілеттіктері шегінде аумағында акциздік қосын орналасқан өндірушінің басшысынан және басқа лауазымды тұлғаларынан акцизделетін өнімдердің өндірілуі мен айналымы бойынша мәліметтер мен құжаттарды сұратуға;

2) дайын өнімді өткізу (тиіп-жөнелту) кезінде қатысуға;

3) өндірушінің аумағынан шығып бара жатқан жүк көлік құралдарын тексеруге ;

4) қолданыстағы заңнаманы сақтай отырып, шаруашылық қызметке араласу құқығынсыз акцизделетін өнім өндіруді, сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын ұйымдардағы әкімшілік, өндіріс, қойма, сауда, қосалқы үй-жайларды т е к с е р у г е ;

5) арнайы аспаптар арқылы алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбаларының, темекі бұйымдарына арналған акциздік таңбалардың төлнұсқалығына іріктеп тексеру жүргізуге құқылы.

Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне

1-қосымша

Акциздік қосынды деректері бойынша, этил спирті және/немесе алкоголь өнімдерін өндіретін кәсіпорындарының өндіру және өткізуге қолданылатын туралы есеп

N p/c	Өндіруші кәсіпорынның СТН-і	Өндіруші кәсіпорынның атауы	есепті кезеңде этил спирті мен алкоголь өнімдері жасалған					
			түрі	БСК	өнімнің атауы	шөлмектер (дана) (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектер сыйымдылығы (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	далл
1	2	3	4	5	6	7	10	11

кестенің жалғасы

өлшейтін аппараттардың көрсеткіштері									
спирт өлшейтін аппараттың N	күннің басына спирт өлшейтін аппараттың көрсеткіштері	күннің соңына спирт өлшейтін аппараттың көрсеткіштері	құю желісінің N	күннің басына АӨЕЖ есептегіштерінің көрсеткіштері V-(литр), N1 - (шөлм.), N2-(шөлм.)			күннің аяғына АӨЕЖ есептегіштерінің көрсеткіштері V-(литр), N1- (шөлм.), N2-(шөлм.)		
				V	N1	N2	V	N1	N2
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

кестенің жалғасы

сырттан әкелінген	немесе	бұрын	өткізілген	өнімді	қайтарудан
			шөлмектер (дана)	шөлмектер сыйымдылығы (	

әкеліну түрі (сырттан немесе кайтару)	түрлері бойынша	БСК	(шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	далл	жеткізуші заңды немесе жеке тұлғаның СТН-і	еткізуші заңды немесе жеке тұлғаның атауы
22	23	24	25	26	27	28	29

кестенің жалғасы

есепті кезеңде заңды немесе жеке тұлғаға этил спирті мен алкоголь өнімі тиіп-жөнелтілген							
түрі	БСК	шөлмектер (дана) (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектер сыйымдылығы (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	далл	мың теңге	алушы заңды немесе жеке тұлғаның СТН-і	алушы заңды немесе жеке тұлғаның атауы
30	31	32	33	34	35	36	37

Акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру ережесіне

2-қосымша

Акциздік қосын деректері бойынша мұнай өнімдерін өткізу (тиіп - жөнелту) көлемдері туралы күн - сайынғы есеп

N p/c	өндірушінің СТН-і	өндіруші кәсіпорынның атауы	мұнай өнімінің түрі	Пин-код	тиіп-жөнелтілген (тонна)	операция коды
1		2		3	4	

кестенің жалғасы

ілеспе жүкқұжат күні	ілеспе жүкқұжат нөмірі	алушы кәсіпорынның СТН-і	алушы кәсіпорынның атауы	мұнай өнімдерін жеткізудің мекен-жайы	тиіп-жөнелту түрі (т/ж, автокөлік, құбыржол)
5	6	7	8	9	10

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

3-қосымша

**Акцизделетін өнімдердің жекелеген түрлерін
тиеп-жөнелтуді жүзеге асырған кезде берілетін
тиеп-жөнелту құжаттарының тізілімі**

күні	өнім тиеп-жөнелтілді				
	шот-фактураның N, күні	мұнай өнімдеріне і л е с п е жүкқұжаттың N, күні	өнім түрі, атауы, маркасы	тиеп-жөнелтілген өнімнің саны немесе көлемі (дана, дал, тонна)	алушының атауы, мекен жайы, СТН-і

кестенің жалғасы

өнімді қайтару					
жазып берілген шот-фактураның N, күні	берілген мұнай өнімдеріне ілеспе жүкқұжаттың N, күні	өнім түрі, атауы, маркасы	өнімнің саны немесе көлемі (дана, дал, тонна)	қайтару жүзеге асырылған ұйымның атауы, мекен жайы, СТН-і	қайтару себебі (қайтару негіздемесі)

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

4-қосымша

**Этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіретін зауыттарда
электр қуаты мен суды есепке алу журналы**

Электр қуатының шығысы		су шығысы	

күні	электр қуатын есепке алу аспаптарының көрсеткіштері		Электр қуаты жұмсалды, Квт	суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері		с у қолданылды, дал	ескерту
	сағат 9.00-де	сағат 18.00-де		сағат 9.00-де	сағат 18.00-де		
1	2	3	4	5	6	7	8

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

5-қосымша

Негізгі шикізат қозғалысының журналы

күні	негізгі шикізаттың атауы	Қолда бар негізгі шикізат (тонна, дал)					акциздік қосын қызметкерлерінің қолдары	ө н і м ұйымының жауапты тұлғаларының қолдары
		күннің басына қалдығы	бір күн ішінде алынды	өндіріске жіберілді	өндірістік шығындар	күннің соңына қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

6-қосымша

**Этил спирті мен алкоголь өнімдері
қозғалысының журналы**

күні	дайын өнім қоймасы бойынша қозғалысы (дал)						акциздік қосын қызметкерлерінің қолдары	ұйымның жауапты тұлғаларының қолдары
	күннің басына қалдығы	алынды	өндірістік шығындар	бір күн ішінде тиеп-жөнелтілді	қайтару	күннің соңына қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

7-қосымша

**Алкоголь өнімдерін есепке алу жүйесі
көрсеткіштерінің журналы**

күні	ауысым басындағы көрсеткіштер			ауысым басындағы құю желісін жуғаннан кейінгі көрсеткіштер			Ыдыс көлемі
	V	N1	N2	V	N1	N2	

кестенің жалғасы								
ауысым соңындағы көрсеткіштер			ауысым соңындағы құю желісін жуғаннан кейінгі көрсеткіштер			үдемелі көрсеткіштер		
V	N1	N2	V	N1	N2	V	N1	N2

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

8-қосымша

**Есепке алу-бақылау таңбалары мен акциздік таңбалар
қозғалысының журналы**

к ү н і	Есепке алу-бақылау таңбалары мен акциздік таңбалардың саны, данасы					акциздік қосын қызметкерлерінің қолдары	акцизделетін өнім өндіруші ұйымның жауапты тұлғаларының қолдары
	күннің басына қалдығы	бір күн ішінде алынды	пайдаланылды	күннің өндірістік шығындары	соңындағы қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8

**Акциздік қосындардың қызметін
ұйымдастыру ережесіне**

9-қосымша

Мұнай өнімдері қозғалысының журналы

Күні	резервуарлардағы мұнай өнімдерінің қозғалысы (тонн)				
	Күннің басына қалдығы	алынды	өндірістік шығындар	бір күн ішінде алынды	Күннің соңындағы қалдығы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

ТЖҚ туралы мәліметтер				акциздік қосын қызметкерлерінің қолдары	Акцизделетін өнім өндіруші ұйымның жауапты тұлғаларының қолдары
ТЖҚ нөмірі	ТЖҚ күні	Мұнай өнімінің ДСН-коды	Саны (тонна)		
7	8	9	10	11	12